

Н ТУЫ

ТІЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІ ЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ЛІ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ноябрь Сейсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын

*Колхоздар мен совхоздарда ірі қара малдың сүт өнімі
арттыру үшін мал шаруашылығын жүргізудің неғұрлым пай-
далы системасын—аудандардың ерекшеліктерін еске ала оты-
рып, малды қолда бағып-күту системасын одан әрі қолда-
ну өте маңызды іс деп саналсын.*

(Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің
1951-1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық
жоспары жөніндегі директиваларынан).

шісі

қойдың қысқы күтімін
уда. Қой жылы қора-
кемшөпнен қамтамасыз
қойға жемшөпті норма
ереді. Бұл қойды қыс-
селкі азықтандырып,
йлы жағдай тұғызуда.

ыдың барлық колхоз-
герушілері мал шар-
ілікті басшылық жа-
аймыз. Көптеген ферма
е жүктелген жауапты
қарап, мал басын
ілігін арттыру ісін
қа ұшыратып отыр.
рушілерімен бірге қол-
да тікелей кінәлі.
ермаларды басқаруға
летін, қолынан іс келе-
пшылық қабілеті мол
амайды, оларды дұрыс
дұрыс орналастырмай-
хоздарда мал фермала-
рі тұрақтандырылмай
а береді.

ығын ойдағыдай өркен-
рушісі зор роль атқа-
олса, колхоз басқарма-
уашылық орындары
не қолынан іс келе-
і, олардың мал шар-

Мал қыстату әрбір колхоз бен совхозда үлгілі ұйымдастырылсын

★
Сауыншының ойы

— Партиямыздың жаңа бесжыл-
дық жоспар жөніндегі директивала-
рында қоғамдық мал шаруашылығын
өркендетіп, оның өнімділігін арттыру көз-
делген,—дейді Совет ауданындағы Арал
ағаш» колхозының сауыншысы Б. Сура-
ғанова жолдас. —Социалистік мал шар-
уашылығын өркендетудегі мұндай аса ма-
ңызды міндеттің ойдағыдай орындалуы
әрбір малшының, әрбір сауыншының та-
бысты еңбек етуіне байланысты. Мен
сыйыр саууда қажырлы еңбек етіп, бес-
жылдық жоспарды толық және мерзімі-
нен бұрын орындау ісіне өз үлесімді қо-
самын.

Үлгілі сауыншы мал шаруашылығында
қажырлы еңбек етіп жүр. Ол Октябрь
мерекесін өндірістік зор табыстармен қар-
сы алды. Ол қарамағындағы сауын сый-
ырлардың әрқайсысынан сүтті мол
айыр, көтеріңкі міндеттемесін аброймен
орындап шықты. Мұнымен бірге, ол қара-
мағындағы сауын сыйырлардан 18 бұзау
алып, оларды түгел табынға қосты.

Сауыншының кәзіргі ойы— мал шар-
уашылығында қол жеткен табысты баян-
ды сөзмен бірге, сауыншы әрбір қойдың

★
Жылы қора, мол аздық

Кониюхов ауданындағы Киров атындағы
колхоздың басшылары (председателі Ше-
вырев жолдас) қоғамдық малға жылы
қоралар әзірлеп, құнарлы шөп дайындау
жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыра біл-
ді. Мал қыстатуға әзірлік жұмыстарында
колхозшылар қажырлы еңбек етіп, бұл
жөнінде алған көтеріңкі міндеттемелерін
аброймен орындап шықты.

Колхозшылардың қажырлы еңбегі өз
нәтижесін берді. Колхоз мал қыстатуға
үлгілі әзірлікпен кірісті. Қоғамдық мал
жылы, жарық қоралармен жеткілікті
қамтамасыз етілді. Мұнымен бірге, малды
қолда бағып күтуге мал жайын жете
білетін тәжірибелі колхозшылар, мал өсі-
рушілер бөлінген. Малшылардың үштен
екісінен көбі мал шаруашылығында бір
неше жылдан бері жұмыс істеп келе
жатқан колхозшылар. Мәселен, А. Оза-
ренко, А. Селифанова және И. Мищенко
жолдастар 3—4 жыл бойына үздіксіз мал
фермаларында жұмыс істеп келеді.

Партияның XIX съезінің қарарларымен
және кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың

жыйналыш, маяға салынды. Кәзір колхоз-
шылар мал азығын қоралар жанына тасуда
жігерлене еңбек етуде. Ондаған көлікпен
үздіксіз мал қоралары жанына шөп тасы-
луда. Шөп тасуда А. Селифанов, П. Га-
ландина және А. Селифанова жолдастар
күндік тапсырманы үнемі толық және
артығымен орындап жүр. Бұлар мал қо-
раларына күн сайын жүздеген центнер
шөп тасып үйеді.

Партияның XIX съезінің ССРО-ны өр-
кендетудің бесінші бесжылдық жоспар
жөніндегі директиваларында көрсетілген
күрделі міндеттерді мүлтіксіз орындап
шығу үшін колхоз малшылары еңбек
қарқынын бұрынғыдан да арттыра түсіп
отыр. Малдың жазғы күйін ешбір төмен-
детпей және оны шығынға ұшыратпай
қыстан аман алып шығу жөнінде ферма
мал өсірушілері өздеріне көтеріңкі міндет-
темелер алып, социалистік жарысқа кеңі-
нен ұштасқан.

Мал өсірушілердің игілі ісі кәзір өз
нәтижелерін беріп отыр. Барлық ферма-
ларда дерлік малдың қысқы күтімі тән-

Көктемгі егіске әзірлік

Механизаторлар жарысы

Партияның XIX съезінің қарарлар
мен кеменгер көсеміміз Сталин жолдасты
съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеп
тарихи сөзінен ерекше қуат алған Була
МТС-нің механизаторлары Ұлы Октябрь
Социалистік революциясының 35 жылд
ғын лайықты өндірістік табыстармен қа
сы алу жолындағы социалистік жарыс
қызу ұштасып, жоғары көрсеткіштер
жетті. Олар тракторлар мен ауылшаруаш
лық машиналарын жөндеу жұмыстарына
қарқынын арттырып, сапасын жақсар
түсті.

Механизаторлардың басым көпшілігі
бұл күндері табысқа, табыс қосып, см
налық норманы толық орындауда. Мұнда
озат механизаторлардың бірі—трактор
шылар Мустеев және Хатуев жолдаста
Бұлар трактор жөндеуде қажырлы еңбек
етіп, сменалық тапсырманы үнемі орын
дап жүр. Ал, мереке қарсаңында еңбек
вахтасына тұрған озат механизаторлар
сменалық норманы үнемі артығыме
орындауға жетісті. Өнімді еңбек өзінің
ігі нәтижесін берді. Олар Октябрь мерекесі
күндерінде «ХТЗ» тракторын мерзімінен
бұрын және сапалы жөндеп болды.

Комбайншы Н. Дубровный және Х
Мүслімов жолдастар да бұлардан ешбір

тырып, қойды бағып, күтуді жақсарту үшін Батурин жолдас мичуриндік агробиология ғылымы мен озат тәжірибе табыстарын жете үйреніп, өндіріске батыл енгізуде. Ферма меңгерушісі және ферманың таңдаулы шопандары кәзір үшжылдық агро-зоотехникалық курста өндірістен қол үзбей оқып, мичуриндік агробиология ғылымының табыстарын үйренуде.

Батурин жолдас басқарған фермада қой жаз да, қыс та зоотехникалық-мал дәрігерлік ережелерге сәйкес бағылып, күтіледі. Сондықтан да фермадағы қойлар жыл сайын күйлі және шығынсыз өсіріліп келеді. Шопандар төл алу науқандың үнемі үлгілі өткізін, колхоздың қоғамдық қойының санын қозы есебінен өсіріп отыр. Мәселен, быйғы мұнда әрбір 100 саулықтан 138 қозы алынып, шығынсыз өсірілді. Партияның XIX съезінің мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қарарымен жігерленген ферма

қатарын үздіксіз көбейтумен бірге, оларды іріктеп алуға, дұрыс орналастыруға және тәрбиелеуге, малшылардың білімі мен іскерлігін барған сайын арттыру жөнінде тиісті шаралар қолдануы қажет. Шебер кадрлар қатарын көбейтпейінше мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру міндетін ойдағыдай шешуге болмайтынын ол үнемі есте ұстауға тиіс. Ферма меңгерушілері мал басын аман сақтаумен қатар, қысқы күні одан мол өнім алынуын, әсіресе, сауын сыйырлардан сүттің көп сауылуын, дайындалған мал өнімінің дұрыс есепке алынып, түгелдей мемлекетке тапсырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Бүкіл жыл бойына, әсіресе, кәзір қысқы маусымда мал басын күйлі және шығынсыз өсіріп, оның өнімділігін еселеп арттыру, осы арқылы бесінші бесжылдықта қоғамдық мал шаруашылығының алып адыммен өркендеуіне жетісу—облыс мал өсірушілерінің, әсіресе, ферма меңгерушілерінің аса маңызды міндеті.

тан күйлі алып шығу жолындағы күресі барған сайын өрістей түсуде.

М. ЗАҒЫПАРОВ,

Булаев ауданы,
Сталин атындағы колхоз.

Мал қамын күнілгері ойлағандар

Мамлют совхозының тұрақты құрылыс бригадасы мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарын ойдағыдай жүргізді.

Тұрақты құрылыс бригадасы 103 ірі қара мал сыятын қора және 100 бұзау сыятын қора салды. Сол сыяқты, бұрынғы мал қоралары мезгілінде және сапалы жөнделіп, қысқа түгел әзір етілді. Мал қораларының қысқа толық әзір етілуі мал қыстатуды ұйымшылдықпен бастауға, сөйтіп, малды алғашқы күннен жылы қораларда бағып күтуге қолайлы жағдай туғызды. Кәзір совхоздың фермаларында әрбір мал жылы қораларда бағылып күтіледі.

Л. МОРГУН.

келкі азықтандыруда мал азығын қыстаулар жанына тасып алудың маңызы ерек-

керек.

Белсенділік

Партияның XIX съезінің қарарларын мінсіз жүзеге асыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістеткен Абай атындағы ауылшаруашылық артелінің (Преснов ауданы) мал өсірушілері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдық мерекесіне өндірістік зор табыстармен келді.

Комсомолка Писенко — колхоздың озат сауыншысы. Ол Октябрь мерекесі қарсаңында социалистік жарысқа қызу ұшпау нәтижесінде қарамағындағы әрбір сауын сыйырдан 1800 литр сүт алып, жылдық тапсырманы 200 процент орындауға жетісті. Сөйтіп, 7 ноябрьді бейбіт еңбек майданында лайықты өндірістік тартулармен қарсы алды.

Сол сыяқты, А. Ақбалин, С. Баекин

және Б. Төледе қажырлы татуға әзірлігін татулық алға қоғамдық мал алып, оның уақытылы аз жатар орнын алған малшылар луда.

Озат мал бысқа масатта мал шаруашы алға қойылған дап шығу үш өнімділігін арт

Колхоздарға арналған автоматтық телефон станциялары

ХАРЬКОВ, 14 ноябрь. (СОТА). Харьковтың телефон-коммутатор заводының коллективі колхоздарға арналған жүздеген автоматтық телефон станцияларын дайындауда. Заводтың өнімі мейлінше сапалы. Автоматтық телефон станциялары ешбір жөндеусіз көп жылдар бойы жұмыс істеуге арналған.

Завод коллективі өнімнің бағасын арзандатуда елеулі табыстарға жетті. Рац-

нализаторлық ұсыныстарды енгізу есебінен әрбір автоматтық станцияны дайындауға кететін уақыт 370 сағатқа дейін қысқартылды. Мұның барлығы әрбір станцияның өзіндік құнын өткен жылғыдан 33 процент кемітуге мүмкіншілік берді.

Кеше автоматтық телефон станцияларының кезекті бір тобы Эстон ССР-нің селолық аудандарына жөнелтілді.


Колхоздардағы 500 тоған

КУЙБЫШЕВ, 14 ноябрь. (СОТА). Облыстың колхоздары тоғандар құрылысының жылдық жоспарын орындады. Кәзір 140 су қоймасы жасалды.

Табиғатты өзгертудің сталиндік жоспарының қабылданғанынан бергі төрт жылдың ішінде облыс колхоздарында 509 су

қоймалары мен тоғандар салынды. Олардың көпшілігі Волга маңайындағы далалық аудандарға орналастырылған. Олар елді пункттерді және мал шаруашылығы фермаларын сумен жабдықтайды, егіндіктерді суарады, балық және суда жүзетін құстарды өсіру үшін пайдаланылады.

Коммунизмнің ұлы құрылыстар



СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) 1. Сталинград су ағын жерге шпунт қағу. 2. Куйбышев су электр станциясы

көмек

ҚТЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ӘРЕЖЕСІНІҢ ӨСУІ

социализмдік коммунизмдік. Партияның XIX съезінде Сталин жолдас айтқандай, «капитал үстемдік жүргізіп отырған елдердегі туысқан партиялардың табысты болып, жеңіске жетуіне сенуге толық дәлел бар». Бұл сталиндік данышпандық сөз бүкіл дүние жүзі халықтары бұқарасының санасынан кең орын алуда, олардың әділеттілік жолындағы күресінде сенімді күшейтін, жігер туғызуда.

35 жылда тамаша тарихи жеңістерге ие болған біздің социалистік Отанымыз дүние жүзінің барлық халықтарына өздерінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін қалай күресудің және жеңіске жетудің жаңа тұрмысты қалай орнатудың үлгісі болып табылады.

Елімізде дүние жүзіндегі ең ірі электр станциялары мен каналдардың салынуы табиғатты өзгертудің сталиндік жоспарының жүзеге асырылуы — мұның бәрі коммунизмге жол көрсетеді. Халық шаруашылығының барлық саласында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру, рационализаторлық ұсыныстарды өндіріске батыл енгізу коммунизмге қарай алға басуымызды жылдамдата береді. Советтік социалистік мәдениетіміз де онан әрі гүлденуде.

Барлық жұмысшылар мен шаруаларды мәдениетті және білімді ету жөніндегі сталиндік нұсқаудың орындалуы бесінші бесжылдықта онан әрі кең құлаш алады. 1955 жылдың алғында республикалардың астаналарында, республикаға бағынатын қалаларда, облыстық, өлкелік және аса ірі өнеркәсіп орталықтарында жетіжылдық білім алудан жалшыға бірдей орта



«Қазкижторгтың» Солтүстік Қазақстан облыстық кітапхана коллекторы күн сайын ауыл-селолық жерлерге арнап көптеген саяси және әдебиет кітаптарын жібереді.

СУРЕТТЕ: комсомолка Тамара Устинова ауыл-селолық кітапханалар үшін кітаптарды іріктеп алып тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Бірінші орынды жеңіп алды

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің қарарларымен қаруланған Октябрь аудандық өндіріс комбинатының коллективі Ұлы Октябрь мерекесін еңбекте жаңа табыстармен атап өтті. Олар жалпы өнім шығару жоспарын 1 ноябрьде дейін 109,9 процент орындап, жоспардан тыс 61.300 сом мемлекет қаржысын үнемдеді.

Коллектив мүшелерінің социалистік жа

Бейбітшілік және Германияның біртұтастығы үшін! ҰЛТТЫҚ МАИДАННЫҢ ҰЛТТЫҚ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫ БЮРОСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

БЕРЛИН, 16 ноябрь. (СОТА). Газет Ұлттық советтің президиум бюросы терде герман мәселесін бейбітшілік жолмен шешу жөніндегі халықаралық конференцияның жұмыс қорытындылары жайында демократияшыл Германияның ұлттық майданы ұлттық советінің президиумы бюросының мәлімдемесі жарияланған.

Мәлімдемеде 12 ноябрь күні ұлттық советтің мәжілісінде қабылданған қарарлардың маңыздылығын айта келіп, олардың герман мәселесін бейбітшілік жолмен шешу жөніндегі халықаралық конференцияның ұсыныстарын жүзеге асыруға бағытталғандығы аталып көрсетіледі.

Осы қарарлардың дәйекті түрде жүзеге асырылуы, делінген мәлімдемеде, неміс халқына ұлттық біртұтастық, тәуелсіздік және бейбітшілікті қамтамасыз етеді.

Ұлттық советтің президиум бюросы Германияның Коммунистік партиясы жариялаған «Германияны біріктірудің ұлттық программасына» өзінің ниеттестігін білдіріп, Бонн соғыс договорына қарсы өзінің батыл күресетіндігін екінші рет бекітіп, Германия Коммунистік партиясы өзінің программасында батыс герман халқына герман мәселесін бейбітшілік жолмен шешудің жолын, мұқтаждық пен аштықты жоюдың жолын көрсетіп отырғандығын атап көрсетеді.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 16 ноябрь. (СОТА). Корея Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің құрамалары американ ағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды, дұшпанды адам күші және техника жағынан шығындарға ұшыратты деп хабарлады.

Американ монополиялары Кореядағы соғыстан баюда

НЬЮ-ЙОРК, 16 ноябрь. (СОТА). Аме-19 айымен салыстырғанда, шамасы 2,5

Қоғамдық байлықтың өсуі еңбекшілердің материалдық тұрмысының жақсаруының негізі болып табылады. Капиталистік елдерде ұлттық табыстың жартысынан көбі тек қанаушы топтар ғана меншіктенеді. Ал, біздің елімізде ұлттық табыстың төрттен үшке жуығы еңбекшілердің материалдық және мәдени қажетін қанағаттандыруға, қалғаны социалистік өндірісті кеңейтуге, жалпы мемлекеттік және қоғамдық мұқтажды өтеуге жұмсалады.

Сөйтіп, біздің елімізде ұлттық табыстың өсуі халықтың әл-ауқатының арта беруін көздейді. Төртінші бесжылдық жоспар бойынша ССРО-ның ұлттық табысы 1950 жылы 177 миллиард сомға жетуге тиіс еді, ал, іс жүзінде ол 210 миллиард сомға дейін өсіп, соғыстан бұрынғы 1940 жылғыдан 164 процент артық болды. Осының негізінде жұмысшылар мен қызметкерлердің және шаруалардың жалпы табыс сомасы 62 процент өсті. ССРО-ның ұлттық табысы 1940 жылдан 1951 жылға дейінгі уақыттың ішінде 83 процент өсті.

Партияның XIX съезінің директивалары жаңа бесжылдықта социалистік өндірістің үздіксіз өсуі және қоғамдық еңбек өнімділігінің артуы негізінде ССРО-ның ұлттық табысын бесжылдың ішінде кемінде 60 процент арттыру және осыған байланысты жұмысшылар мен қызметшілер және шаруалар табысын онан әрі арттыру міндетін қойып отыр.

Бесжылдықта ұлттық табыс 60 процент өседі. Бұл өндіріс пен тұтынудың арасында қайшылық болмайтын, дағдарыс пен жұмыссыздықты білмейтін тек біздің елімізде, халық шаруашылығы жоспарлы жүргізіліп отырған елде ғана болуы мүмкін.

Халық шаруашылығында жаңа табыстарға жету мақсаты қоғамдық өндірістің басты салаларының ерекше өсуін талап етеді. Міне, сондықтан да партияның XIX съезінің директиваларында ауыр өнеркәсіптің негізгі салаларын ерекше күшті қарқынмен өркендету қарастырылған.

варларын сатып алу үшін жұмсалатын қаржыларының анағұрлым қысқаруын, со- веттік сомның құнының артуын қамтамасыз етті. Мәселен, кәзір өндіріс және азық-түлік товарларының бағасы 1947 жылдың төртінші тоқсанымен салыстырғанда орта есеппен екі есе кеміді.

Жаңа бесжылдықта да баға үздіксіз кемітілетін болады. Партияның XIX съезінің директиваларында: «Бағаны кеміту жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жал ақысын және шаруалардың табысын үнемі арттырудың ең басты құралы болып табылатынын еске ала отырып, көпшілік тұтынатын заттардың бөлшек сауда бағасын кеміту алдағы уақытта да үздіксіз жүргізілсін» — делінген.

Съезд директивалары жаңа бесжылдықта бөлшек сауда бағасының кемітілуін есепке ала отырып, жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысының кемінде 35 процент арттырылуын, колхозшылардың ақшалай және заттай табыстарының кемінде 40 процент арттырылуын көздейді.

Капиталистік елдердегі жағдай мүлде басқаша. Оларда ат төбеліндей қанаушы топтардың пайдасы үшін еңбекшілер бұқарасының аштыққа, жалаңаштыққа, қайыршылыққа ұшырап отырғанын көреміз. Капиталистік елдерде көпшілік тұтынатын заттардың бағасы жылдан-жылға өсіп, еңбекшілердің нақтылы жалақысы үнемі кемуде.

Мәселен, АҚШ-та азық-түліктің бөлшек сауда бағасы 1951 жылдың аяғында соғыстан бұрынғы дәрежеден екі есе өсті, ал, тұрмыстың қымбатшылығы соғыстан бұрынғыдан 176 процент артты. Мұнда қайыршылық пен аштық, жұмыссыздық күн санап өсуде. Міне, капитал магнаттары еңбекші халықты осындай жағдайға ұшыратып отыр. Империалистік топтар коммунизмге қарсы деген желеуді бетке ұстап, демократия мен бейбітшілікке қандай шабуыл жасаса, еңбекшілердің тұрмыстық дәрежесіне де сондай шабуыл жасап отыр.

Алайда, империалистік соғыс өртің тұтандырушылар қалай жанталасса да, келе-

«Осы (бесінші) бесжылдық жоспар, — делінген директиваларда, — социализмнің өмірлік ұлы күшін, шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік системадан түбірлі артықшылықтарын бүкіл дүние жүзі алдында тағы да айқын көрсетеді. Бесжылдық жоспар бейбіт шаруашылық пен мәдениет құрылысының жоспары болып табылады. Бұл жоспар Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің экономикалық ынтымағын онан әрі баянды етіп, күшейтуге, тең праволы және өзара тиімділік негіздерде сауда ісін өркендетуді тілейтін барлық елдер мен экономикалық қарым-қатынастарды өркендетуге көмектеседі».

Партияның XIX съезінің қарарларында көрсетілген халық шаруашылығын онан әрі өркендетудің, еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін арттыра берудің тамаша программасы совет халқын қажырлы еңбекке, Отанымыздың игілігі жолындағы өндірістік жаңа табыстарға жігерлендіреді.

Еліміздің еңбекшілері бұл ұлы программаны жүзеге асыру жөніндегі күрестің табысты болуы ең алдымен өздеріне, әрбір совет азаматының еңбекке коммунистік көз қарасына, қоғамдық байлықты мөлейтін та беруге байланысты екенін жақсы біледі. Миллиондардың өзіне, қоғамға жасаған еңбегі біздің өндірістік жоспарларымызды қашан да болсын жүзеге асырып келеді. Социалистік жарыстың күшіне бөленген бұл тарихи еңбек жұмысшылардың, колхозшылардың және интеллигенцияның бейбітшілікті сақтап қалу, коммунистік қоғам орнату жолындағы күресін барған сайын баянды етіп, табыстан-табысқа жеткізе береді. Өткен бесжылдықтар сыяқты жаңа бесжылдықтың жоспары да мерзімінен бұрын толық орындалатыны сөзсіз.

Бұған коммунистік партияның және ұлы көсеміміз Сталин жолдастың сыналған басшылығы кепіл бола алады.

А. ХАМИДУЛЛИН.

кәзір ауданның 1 комсомол және 1 радиоландырылған.

Мектептегі үйірмелер

Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебі жанында жас натуралистер, казак және орыс әдебиеті, акробаттық, атқыштар, хор, драма және тракторды үйренетін үйірмелер ұйымдастырылған.

Жуырда орыс әдебиеті үйірмесінде жазушы Радищевтің өмірі мен творчествосы туралы лекция оқылды. Кәзір атқыштар үйірмесінің мүшелері мылтықтың бөлшектерімен танысып жүр, ал, хор үйірмесінің әншілері жаңа өлеңдер үйірмелерінде.

Е. ЛӘМАЛИЕВ.

пасөздің Чикагодан (раганда, электр жән жұмысшыларының бір құрамына кіретін аудания кұрылысы жұм одағы «Интернейшнл

ТҮРІК II

СОФИЯ, 16 ноябрьның телеграф агент Стамбул» газетінің жекдчик және Долаи сының ауданында) уалары арасында ұл дығы туралы хабары дың тұрғын адамдар

Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ“

1953 жылға

жазылушылар қабы.

бастады

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почта б кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, кол совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкіл жазылуға болады.

Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттің мез тұруын қамтамасыз етеді.

ССРО орталық статистика басқар масы оқу- өндіріс комбинатының Петропавлдағы оқу комбинатының филиалы өнеркәсіп және колхоз есебі жөніндегі бухгалтерлер мен есепшілер даярлайтын курстарға оқушылар қабылдайды. Оқу осы жылғы 25 ноябрьде басталады.

Адрес: Коммунист көшесі, 80-үй телефон 3-54.

Петропавлдағы облыстық автом класс шоферлары 1—2 класс шофер механиктерін қай дізгі және кешкі лар алады.

Адрес: Солтүсті сы, Петропавл қ шесі, 40-үй.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактор партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс